

**Бекітемін:**  
**«Әсем» бөбекжай**  
**балабақша менгерушісі**  
\_\_\_\_\_ **Ә.Т.Дөнен**

<b>ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ</b>					
<b>Білім беру үйімі</b> балабақша	<b>«Әсем» бөбекжай</b> <b>балабақша</b>				
<b>Топ/сынып</b>	<b>Ересек топ</b>				
<b>Тобы, топтың реттік саны, атауы</b>	<b>«Ботақан»тобы</b> <b>Бала саны 25</b>				
<b>Балалардың жасы</b>	<b>4-5 жасар балалар</b>				
<b>Педагогтің аты-жөні</b>	<b>Шырынханова Гүлмира</b>				
<b>Жоспардың кұрылуда кезеңі</b>	<b>29, 31.08, 01,02.09.2022 ж.</b>				
<b>Апта күндері</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Күн тәртібі</b>				<b>01.09.2022</b>	<b>02.09.2022</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дene қызыын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
<b>Ата-аналармен</b>	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшага қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты				

Эңгімелесу, кеңес беру	туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар болғаны жөнінде".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Оқу қызметіне керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындеймыйз".</p> <p>Мақсаты:</p> <p>тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды оқу қызметіне керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинай білуді дағдыландыру.</p>		<p>"Орындықтарды жуу".</p> <p>Мақсаты: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сұртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету.</p> <p>Ертегі, әңгімелердің кейіпкерлерлерінің сөздері арқылы «Еңбек тұбі – зейнет» ұғымын түсіндіру.</p> <p>Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу.</p> <p>Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің бауырсақ?» деген әңгіме, ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.</p> <p><i>"Жабық өсімдіктердің бүріккіш пистолеттен сумен бүргу".</i></p>	<p>Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.</p> <p>Үлкендердің еңбегінің және еңбектің қажеттілігі жөнінде түсінік беріп отырамыз. Сонымен қатар балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>Мақсаты: балаларды жабық өсімдіктердің жағдайына қарай, оларға күтім жасау үшін қандай әрекеттер қажет екенін анықтауға</p>

			<p>Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балаларға жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу.</p> <p>Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.</p>	<p>үйрету (суару, тазарту, қосыту, үстіңгі киім), тиісті еңбек операцияларын дұрыс орындау, балаларға әрқайсысының мақсаты туралы айтуды ұсыну.</p>
<p><b>"Кара да, қайтала" ойын жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: көру арқылы қабылдаудын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы</p>	<p><b>"Лото" үстел үсті ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балалардың зейіндерін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету.</p> <p>Байқағыштыққа</p>	<p><b>Дидактикалық ойын «Зат неге ұқсайды?»</b></p> <p>Мақсаты: балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.</p>	<p><b>Саясак ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр».</b></p> <p>Мақсаты: бақша туралы түсінік бере отырып қызанақ пен қияр көкөніс екенін ажырата білуге үйрету.</p>	

	<p>білімдерін бекіту.</p> <p><b>Құралдары:</b> геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парапттар.</p> <p><b>"Домино"</b> <b>дидактикалық</b> <b>оныны.</b></p> <p>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс ататқызып, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желітдіру.</p>	<p>үйрету.</p> <p>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.</p> <p><b>"Жапырақ"</b> <b>артикуляциялық</b> <b>жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды мәтін сөздерінің ырғағына, мәніне сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны жетілдіру.</p> <p>Тақ-тақ-тақ (қолдарын онға-солға сермейді), Біз айтамыз тақпақ (қол білесіктерін айналдырады).</p> <p>Рақ-рақ-рақ (орындарында тұрып айналады).</p> <p>Күзде түсер жапырақ</p>	<p><b>Құрастырудан</b> <b>онын-жаттығу.</b></p> <p>"Балабақша біздің үйіміз".</p> <p>Мақсаты: балаларды құрамында: текше, білеу, үшбұрыш, цилиндр, тақтайша бар құрылым материалдар</p> <p>жинағынан екі қабатты балабақшаны құрастыруға үйрету.</p>	<p><b>Сөйлеуді</b> <b>дамытудан онын-</b> <b>жаттығу.</b></p> <p>"Біздің балабақша" тақырыбына суреттер сериясы бойынша әнгімелуе".</p> <p>Мақсаты: балаларға, балабақшадағы күн тәртібіндегі топастармен біріккен әрекеттерін "балабақша" жалпылауыш сөзіне, ұғымына байланысты екенін түсіндіру;</p> <p>бірнеше суретті қабылдап, "Біздің балабақша" ортақ тақырыбына әнгімелуе амалын көрсету.</p> <p>Пантомима жаттығуы. "Ретімен қайтала".</p>
--	---	--	--	---

	<p>Ойын шарты.</p> <p>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.</p> <p>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.</p>	<p>(саусақ бастарын қимылдатады),</p> <p>Қол-қол-қол (қолдарын жан-жаққа жібереді).</p> <p>Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шенбер жасайды).</p> <p>Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді),</p> <p>Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді).</p> <p>Г. Кожагурова.</p>		
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	<p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстай.</p> <p>1-таяқшаны алға созу;</p> <p>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстал, жоғары көтеру;</p> <p>3-таяқшаны алдыға созып ұстай;</p> <p>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;</p> <p>5-таяқшаны алдыға созып ұстай;</p> <p>6-бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстай.</p> <p>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;</p> <p>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.</p>			

	<p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.</p> <p>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;</p> <p>2-сол аяқты оның қасына алып келу;</p> <p>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;</p> <p>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.</p> <p>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынга қойып тұру.</p> <p>1- таяқшаны жоғары көтеру;</p> <p>2-оңға иілу;</p> <p>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;</p> <p>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.</p>			
<b>Таңғы ас</b>	<p>Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.</p> <p>Дос бол сабын, сумен сен,</p> <p>Жиі-жій жуын сен:</p> <p>Таңертең де кеш те де,</p> <p>Жуын тамақ алдында,</p> <p>Жуын тамақ соңында,</p> <p>Жуын ұйықтар мезгілде,</p> <p>Су мен сабын - бір жолдас,</p> <p>Жоймас олар кір қоймас!</p>			
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p><b>Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".</b></p> <p>Мақсаты: балаларды, мәнерлеп оку, пантомима</p>	<p><b>"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.</b></p> <p>Мақсаты: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау</p>	<p>Арайлап таң атты, Алтын сәүле таратты. Күлімдеп күн шықты, Жадырап нұр текті. Қайырлы күн, достарым!</p>	<p>«Ақ тілек». Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректен, Сөздің бері - Ақ тілек.</p>

	<p>ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті- бетперделер.</p> <p>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)</p> <p>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)</p> <p>Мұнда әсем түймедақ, (</p> <p>"Түймедақ" - балалар ортаға шығып, кол бұлғайды)</p> <p>Жайқалып тұр, тамаша,</p> <p>Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер")</p>	<p>қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдары: тұрлі түсті және биіктігі тұрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.</p>	<p>Балабақшадағы оқу қызметтері жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Барлығы шенбер құрып, қайталады. Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу.</p>
--	---	---	---	--

	<p>жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Шөп арасын қарасаң, Бұлдірген бар қызарған.( "Бұлдірген дер" жүгіріп шығып, беттерін ұстап, бастарын шайқайды ) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп- тәтті! Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозгалтады) Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Кекенова.</p>			
<b>Білім беру</b>	<b>Жазғы ойын-</b>		<b>Жазғы ойын-</b>	<b>Дене шынықтыру</b>

<p><b>ұйымының кестесі</b> <b>бойынша</b> <b>ұйымдастырылған</b> <b>іс-эрекет</b></p>	<p><b>сауықтар</b></p>		<p><b>сауықтар</b></p>	<p>"Қатар түзеп сапқа тұру" Мақсаты: балаларды қатар түзеп сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету. "Кенгуру" кимылды ойыны.</p>	<p>"Ұйымшыл балалар". Мақсаты: балаларды сапта бір-бірлеп жүру; заттар арасымен доптарды домалатуға үйрету. "Заттар арасымен" кимылды ойыны.</p>
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атаяуын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалашуыш арқылы табуға үйрету.				
<b>Серуен</b>	<p><b>Мысықты бақылау.</b> Мақсаты: мысықтың сыртқы келбетін бақылауға дағдыландыру; мысықтың тіршілігін тануға деген ынталануын дамыту. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп</p>		<p><b>Ауа-райын бақылау.</b> Мақсаты. Өсімдіктер тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністер жинаудағы ұжымдық</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киоін қадағалау. <i>Желдің соғуын бақылау</i> <i>Жұмбақ</i> Қанаты жок – ұшады,</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киоін қадағалау. <i>Kүздің ерте, кеш келуін бақылау</i> Тақпактар</p>

<p>айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру. "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойның бір қанбайды. Н. Арынова.ысықты Еңбек әрекеті: бақшадағы піскен көкөністерді жинау. Мақсаты: көкөністерді қазып</p>	<p>еңбек. Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету. "Аңшылар мен қояндар" қимыл- қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды оыйн шартын бұзбай оинауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшандыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестере білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.</p>	<p>Аяғы жок – қашады. (Жел) Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсүі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзben салыстыру. Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қын. Қимылды оыйн: «Желбезекпен жүгіру». Желбезекті қолға алып жарысу, кім</p>	<p>«Күз» Н. Әлімқұлов Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді.  «Күз» Қ.Ыдырысов Күзім-ау, күзім-ау, Мінезін бұзық-ау, Жаңбырын сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Бақылау: Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшыу, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білуі. Қимылды оыйн: «Егінді тасымалдау» Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу.</p>
---	--	---	---

	<p>алуды үйрету; топпен бірге жұмыс жасау ұмтылысын тәрбиелеу.</p> <p>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машиқтандыру; шыдамдылыққа, үйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысуышылар шенбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы</p>	<p>Педагог ойынды бастайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Аңшылар жүр орманда,</li> <li>"Не бар?" - деп шалғында.</li> <li>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды.</li> <li>"Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.</li> <li>Педагог:</li> </ul> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қояндар шықты шалғынға,</li> <li>Секіреді қуана.</li> <li>Бір-біріне сәлем береді,</li> <li>Тәтті шөппен қоректенеді.</li> </ul>	<p>бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады.</p> <p>Еңбек: тәрбиешіге көмек.</p> <p>Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырактарды жинау.</p> <p>Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын».</p> <p>Ынғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту.</p> <p>Көтеріңкі көңіл-күйде болу.</p>	<p>Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Еңбек: Гүлзарда жұмыс.</p> <p>Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу.</p> <p>Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру.</p> <p>Өз бетімен ойындар: «Құмда сурет салу»</p> <p>Балаларды құмда сурет салуға үйрету.</p> <p>Атқарған жұмыстарын атап, мадақтап өту.</p> <p>Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.</p>
--	---	---	--	--

<p>тағайындауга болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шенбер сыртынды бір-бірінен алшак тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шенбер жасай жүріп сөздерді айтады:</p> <p>- Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай.</p> <p>Тышқан көрсे - бас салады!</p> <p>Кім тышқанды құтқарады?</p> <p>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық"</p> <p>"тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға</p>	<p>"Қояндар, қашындар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздең, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. Белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға</p>		
--	---	--	--

	<p>жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды тәмен түсіріп, жолды жауып қояды.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, бірсесе қолдарды көтеріп, бірсесе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуалыспағын реттеп жату - басты міндеті.</p> <p>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.</p> <p>"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың</p>	<p>машықтандыру.</p> <p>"Тәмпешіктен тәмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; dene тепе-тендігін, күш-жігерін жетілдіру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған</p>	
--	---	---	--

	<p>топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.</p> <p>Балалар шенберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.</p> <p>Мақсаты: қимыл-қозгалыс координациясын дамыту.</p>	<p>материалмен аландағы ойындар.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>қызығушылы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p>		
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.			
<b>Түскі ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулу. - Аспазымыз не дайындалты?			
<b>Құндізгі үйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.			

<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	Жалпактабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.			
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу.			
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарапу және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p><b>"Тергеушілер"</b> дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсаты: балалардың ой-өрісін, қиялдарын дамыту.</p> <p>Келісім.</p> <p>Педагог балаларға кезек-кезек әртүрлі заттар көрсетеді.</p> <p>Балалар қай зат кімге, не үшін керек екенін түсіндіреді.</p> <p>Ойынның тағы бір нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алышп, сипаттайды.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b></p> <p><b>"Отбасы".</b></p> <p>Мақсаты: балалардың отбасы</p>	<p><b>"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеңіз"</b> дамытушылық ойын.</p> <p>Мақсаты: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Барысы.</p> <p>Жүргізуши.</p> <p>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылышты көрсетеді.</p> <p>2 Нұсқа. Белсенді</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Тәрбиеші".</p> <p>Мақсаты: балаларды "Тәрбиеші" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тындал, жаттап алуға үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: "Өз тәрбиешінді тап".</p> <p><b>Музықадан ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Көңілді балалар".</p> <p>Мақсаты: балаларды балабақша туралы энді тыңдай отырып, сипатын ажыратада білуге үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: "Сиқырлы ноталар".</p>	<p><b>Мұсіндеуден ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Асқар ата келді".</p> <p>Мақсаты: балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жағастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шуберекпен өндей отырып, пішіннің бетін тегістеуді үйрету.</p> <p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Балабақша".</p> <p>Мақсаты: балаларды екі параллельді сзықтың ұштарын</p>

	<p>мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядығы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар.</p> <p>Отбасы мүшелеріне қажет заттар:</p> <p>көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б</p> <p>Барысы.</p> <p>Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен</p>	<p>балалар ортаға шығып, қымылдарды кезектесіп көрсетеді.</p> <p>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қымылды кезек-кезек көрсетеді.</p> <p>Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b></p> <p><b>"Дәріхана".</b></p> <p>Мақсаты:</p> <p>балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар.</p> <p>Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар,</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Ойыншықтармен танысайық та, санайық".</p> <p>Мақсаты: балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар жиынын үйрету.</p> <p>Дамытушы жаттығу "Саны сонша допты көрсет."</p>	<p>көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруге үйрету.</p> <p>Зейінге жаттығу.</p> <p>"Сипатталған ғимаратты тауып ал".</p> <p><b>Коршаган ортамен танысудан ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Күз келді бақшама".</p> <p>Мақсаты: балабақша маңайында ауарайын бақылауда күзгі құбылыстарды байқап, ажырата білуге үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: "Күз құбылыстарын ата".</p>
--	--	--	---	--

	<p>құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.</p>	<p>төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар. Барысы. Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады;</p>	
--	---	--	--

			<p>өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынуши келіп, оыйнды бастайтынын айтады.</p> <p>Басында педагог диалогтарды түзетіп, күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады.</p>		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту.</p>		<p><b>"Жоғалған зат"</b> <b>үстел үсті ойыны.</b> Мақсаты: қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Педагог үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастанды. Бала</p>	<p><b>«Гажайып дорба»</b> <b>дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.</p>	<p><b>Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу.</b></p> <p>Мақсаты: мнемокестеге қарап жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем күргуға үйрету.</p>

			жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады.		
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.				
<b>Серуен</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін қадагалау.				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру.				
<b>Кешкі ас</b>	Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</b>	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)</b>	Әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». Кенес беру: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».				

Әдіскер:

А.А.Сулейменова